

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP R2 фитнес сағаты



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Фитнес сағаты күнді, уақытты, хабарландыруларды және басқа ақпаратты көрсетуге және әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді қадағалауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғымен біліксіз манипуляциялар (түрлендірулер, жөндеу және т.б.) құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Кепілдік бойынша тегін қызмет көрсетуді пайдалану құқығынан айырылмау үшін құрылғының корпусын өз бетіңізше ашпаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2. Бұл құрылғы радиосигналдарды шығарады және қабылдайды, олар жағымсыз кедергілерге немесе құрылғының жұмысындағы ақауларға әкелуі мүмкін. Радиосигнал интерференциясының нәтижесінде жұмыста ақаулар пайда болса, осы құрылғы мен қабылдағыштың (радио/ТД) арасындағы қашықтықты арттырыңыз, құрылғы мен қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Проблема шешілмесе, кеңес алу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3. Аккумулятордың жарылуын болдырмау үшін құрылғыны ашық жалынның әсерінен қорғаңыз.


Құрылғы схемасы

1. Бау.
2. Сағат корпусы.
3. Көпфункционалы түйме.
4. Экран.



Пайдалануға дайындау

Фитнес сағатын алғаш рет пайдаланудан бұрын орнатылған аккумулятордың заряды жұмысқа жеткілікті екенін тексеріңіз. Егер құрылғы қосылмаса немесе заряд деңгейі тым төмен болса, схемада көрсетілгендей етіп жиынтықтағы кәбілдің көмегімен құрылғыны толығымен зарядтау керек.



Қосымшаны орнату және құрылғыны байланыстыру

Смартфоныңыздың операциялық жүйесіне байланысты App Store немесе Play Market қосымшалар дүкенінен Da Fit қосымшасын жүктеп алыңыз. Қосымшаны жүктеп алу үшін Android смартфонын пайдаланушылар QR кодын да пайдалана алады.

Da Fit қосымшасын ашыңыз, профиліңіздің деректерін көрсетіңіз, «Устройства» (Құрылғылар) қойындысына өтіңіз және «Добавить» (Қосу) түймесін басыңыз. Сонан соң смартфонныңізбен байланыстыру үшін іздеу тізімінен құрылғыңызды таңдаңыз.

Ескертпе: фитнес сағатыңыздың MAC мекенжайын анықтау үшін мына жерге кіріңіз: «Настройки» (Реттеулер) → «Дополнительное меню настроек» (Реттеулердің қосымша мәзірі) → «Об устройстве» (Құрылғы туралы).




Мәзір бойынша навигация


R2 фитнес сағатының экраны қимылдар арқылы басқарылады. Әртүрлі мәзірлерге өту үшін негізгі экранда саусақпен жүргізіп өтіңіз.

- «Шаги» (Қадамдар) бөліміне өту үшін саусақпен жоғары қарай жүргізіп өтіңіз.
- «Настройки» (Реттеулер) бөліміне өту үшін саусақпен төмен қарай жүргізіп өтіңіз.
- «Тренировка» (Жаттығу) бөліміне өту үшін саусақпен солға қарай жүргізіп өтіңіз.
- «Сообщения» (Хабарлар) бөліміне өту үшін саусақпен оңға қарай жүргізіп өтіңіз.

Негізгі экранға оралу үшін экранда саусақпен кері бағытта жүргізіп өтіңіз.



Фитнес сағаты функцияларының сипаттамасы



- **Қадамдар.**

Сағатыңыз жүрілген қадамдардың санын, жұмсалған калория мөлшерін, жүрілген қашықтықты автоматты түрде есептейді және ақпаратты осы экранда көрсетеді.

Ескертпе: белсенділігіңіз туралы деректер күн сайын сағат 00:00 қайта қосылады.



- **Ұйқы.**


Фитнес сағатын қолыңызға тағып ұйықтасаңыз, ол ұйқыңыздың уақыты мен сапасын қадағалайды. Тиісті ақпарат осы экранда және қосымшада көрсетіледі.

Ескертпе: ұйқыңыз туралы деректер күн сайын сағат 20:00 қайта қосылады.



- **Тамырдың соғуын өлшеу.**

Бұл процедураны бастау үшін тамырдың соғуын өлшеу белгішесін басыңыз. Соңғы өлшеулер журналы қосымшаның тиісті қойындысында көрсетіледі.




- **Қан қысымын өлшеу.**

Бұл процедураны бастау үшін қан қысымын өлшеу белгішесін басыңыз. Соңғы өлшеулер журналы қосымшаның тиісті қойындысында көрсетіледі.




- **Қандағы оттег деңгейін өлшеу (SpO2).**

Бұл процедураны бастау үшін қандағы оттег деңгейін өлшеу белгішесін басыңыз. Соңғы өлшеулер журналы қосымшаның тиісті қойындысында көрсетіледі.



- **Музыканы басқару.**

Сағатты смартфонға қосқаннан кейін музыканы сағаттың көмегімен басқара аласыз.




- **Камераны басқару.**

Сағатты смартфонға қосқаннан кейін сағат түймесінің көмегімен камерамен суретке түсіре аласыз.




- **Тыныс алу.**

Тыныс алу жаттығуларын бастау үшін белгішені басыңыз.



- **Жаттығу.**


«Тренировка» (Жаттығу) бөлімінде қадағалау үшін жаттығулардың 8 түрінің біреуін таңдай аласыз. Соңғы жаттығулардың журналы қосымшада көрсетіледі.



- **Хабарлар.**

Фитнес сағаты әртүрлі қосымшалардан (Twitter, Facebook, Whatsapp, Instagram және т.б.) хабарландыруларды ала алады. Құрылғының экранында соңғы 3 хабарландыру көрсетіледі.

Ескертпе: Қосымшада хабарландыруларды қосуға және өшіруге болады.



- **Реттеулер.**

Фитнес сағатының реттеулер мәзірінде «Не беспокоить» (Мазаламау) режимін, экран жарықтығын реттеуге, реттеулердің қосымша мәзіріне кіруге болады, онда таймерді қосу мүмкіндігі бар, барлық реттеулерді қайта орнатуға, сағат туралы ақпаратты қарауға, құрылғыны өшіруге және жүктеп алу үшін қосымшаның QR кодын сканерлеуге болады.


Da Fit қосымшасының көмегімен реттеуге болатын сағаттың негізгі функциялары



- **Дыбыссыз оятқыш.**
Қосымшада оятқышты қоюға болады, мұндай жағдайда сағатыңыз көрсетілген уақытта дірілдей бастайды.



- **Ауа райы.**
Бұл экранда ағымдағы және келесі күндегі ауа райы туралы ақпарат көрсетіледі. Ауа райы туралы деректер қосымшамен синхрондалады және байланыс үзілген жағдайда көрсетілмейді.



- **Белсенділіктің жоқтығы туралы еске салу.**
Фитнес сағаты бір орында бір сағат үздіксіз отырғаннан кейін үзіліс жасау қажеттігі туралы еске салады.
Ескертпе: Бұл функцияны қосымшада қосуға/өшіруге болады.



- **Физиологиялық цикл.**
Қосымшада қажетті параметрлерді толтырғаннан кейін сағат әйелдің физиологиялық циклінің мерзімдерін көрсетеді.

Құрылғыны ылғал ортада пайдалану

Бұл фитнес сағатының қорғаныс класы – IP68, сондықтан оны жаңбыр жауып тұрғанда және қарқынды жаттығулар кезінде пайдалануға болады. Алайда бұл сағатты суда жүзгенде немесе себезгіде/ваннада шомылғанда тақпаған жөн, ал сағаттың корпусына немесе бауына су тисе, оларды сүртіп құрғатыңыз.

Жылдам қарау функциясы

Ағымдағы ақпаратты негізгі экранда тексере аласыз, ол үшін сағат тағылған қолыңызды көтеріп, экранды бетіңізге қаратыңыз. Ақпарат бірнеше секундқа көрінеді, ешқандай қосымша басу қажет емес.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: R2.
- Экран: 1,3" IPS, ажыратымдылығы 240 x 240.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Батарея: литий-полимерлік, 3,7 В, 200 мА·сағ.
- Қорғаныс класы: IP68.
- Операциялық жүйемен үйлесімділік: Android 4.4 және одан кейінгі нұсқасы, iOS 9.0 және одан кейінгі нұсқасы.
- Корпус материалы: мырыш қорытпасы, пластик.
- Дірілмотор.
- Қадамөлшегіш.
- Ұйқыны қадағалау.
- Тамырдың соғуын, қан қысымын және қандағы оттегі деңгейін өлшеу.
- Хабарландыруларды көрсету.

Жиынтық

- R2 фитнес сағаты.
- 2 бау.
- Зарядтау кәбілі.
- Пайдаланушыға арналған нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы -10°C және 50°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда коррозияны туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны утилизациялау керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялауды қамтамасыз ету арқылы, табиғи ресурстарды үнемдеп жұмсауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Томстар Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Кеңселер: 2110, 2111, 2112, 2113, 2115, 2116, 21-қабат, Хуафэн халықаралық коммерциялық ғимараты, 4018-үй, Баоань даңғылы, Сисян қосалқы ауданы, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның сипаттамалары сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club